

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.198-200

«ҚАЗ – ФЛОР АСТАНА» ЖШС – НИҢ ЖЫЛЫЖАЙ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘТТІ БҰРЫШ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ

Өсербай А.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту аграрлық саясаттың асамаңызды бағыты болып отыр. Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі міндеті – елімізді азық – түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету. 2013 жылдан бастап Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа бағдарламасы жасалып, аграрлық сала дамуының әлемдік деңгейлеріне жету және индустриялы агроөндірісті қалыптастыру алдымызға қойылды. Ол бағдарлама бүгінгі таңда «Агробизнес 2020» бағдарламасы болып, өзінің қызметін бастауда [1].

ҚР Тағамтану Академиясының мәліметтеріне сай, әр адам жылына орта есеппен 126 кг түрлі көкөніс дақылдарын пайдалану қажет екен. Қазақстандағы көкөніс дақылдарының жыл сайынғы егістік көлемі 110-115 мың га шамасында, оның – 20-22 мың га оңтүстік облыстардың еншісінде. Көкөністердің барлық түрлерінен алынатын жалпы түсім 2,2-2,5 млн.тоннаға дейін. Көкөніс дақылдарының орташа өнімділігі - 17-20 т/га аралығында, бұл көрсеткіш олардың өсіру аймақтарына, түріне, сорттық ерекшеліктері мен агротехнологиясына байланысты 10-12-ден 30-35 т/га дейінгі аралықта ауытқиды .

Бұрыш - *Capsicum annum L.* Бұрышта 5-тен 12 %-ға дейін құрғақ заттар және 2-ден 8%-ке дейін қанттар болады. С дәрумені бойынша ол басқа көкөністерден асып түседі. Тәтті (болгар) бұрыштың 100 г шикі жемісінде 270 мг С дәрумені болады, ащыда – 380 мг, тиісінше А дәрумені 9 және 12 мг. Дәмдік бұрыштың ауыз қуырғыш дәмі, ондағы алкалоид капсаицинаға байланысты; көкөністік бұрышта ол, біршама азырақ болады. Жемістің түсі қызыл және сары. Тұқымдары жайпақ, ашық – сары, 1000 дәннің массасы 5-6 г. Бұрыш – қысқа күннің өсімдігі, күннің ұзақтығы 10-12 сағат болғанда жақсы дамиды. Көлеңкені көтермейді. Тұқымы 13°C-да өне бастайды. Өсу және дамуы үшін оңтайлы температура – 20-28°C, температура 13°C-дан төмендесе өсуін тоқтатады. Топырақтың ылғалдылығы шекті сыйымдылығының 70-80 % тең болуы керек, ылғал жетіспесе өсімдік бұршігін және жемісін түсіре бастайды.

Жылыжайда өсіруге Ласточка сұрпы тиімді. Жылыжайды отырғызуға дайындау қызанақтікіне ұқсас. Өсімдіктерді орналастыру сұлбасы: блокты

жылыжайларда – қос қатарлы 100+60, аңғарлы және пленкалыларда – 80+40 см. Бұтаны қалыптастырғанда 2-3 бұтақ қалдырады да, әрқайсысын жеке – жеке аспаға іледі. Өсімдікті күтіп-баптаған кезде жемісі алынған бұтақтарды, әлсіз, жетілмеген түйіндерді аластайды. Бұл ірі жемістер жинауға ықпал жасайды. Бұрыштың өркендері өте осал, сондықтан өсімдікті мұқият байқап ұстау керек.

Бұрыш қызанақпен салыстырғанда жиірек суаруды қажет етеді, себебі топырақтың аз уақытқа да құрғағанын көтере алмайды. Сонымен бірге ол артық ылғалдылыққа да шыдамайды, сондықтан оны аз-аздап суарады. Отырғызғаннан кейін 2-4 жұма бойы топырақтың орташа ылғалдылығын (ТСС-ның 60-70 %) сосын алғашқы жемістері қалыптасқанша – 75 %, ал өнім жиналар алдында – 80-90 % шамасында ұстайды. Бұрыш өсіргенде өсімдіктердің қатарлары қабысқанша, 3-4 рет саяз қопсыту жүргізеді. Тыңайтқыш қолдану жүйесі және үстеп қоректендіру қызанақтікіне ұқсас.

Бұрыш жылыжайда CO_2 қолданғанды өте жақсы қабылдайды. Жылыжайда CO_2 мөлшері 1 % болғанда қысқы-көктемгі және күзгі айналымда бұрыш өнімділігін 30 % арттырады. Бұрыш өсіргенде бітіден және жұқпалы-вирустық темекі теңбілінен (мозайкасынан) қорғау шаралары жүргізіледі. Жемісті жұмысына бір рет техникалық пісу кезінде жинайды [2].

Судың тұздылығы өндірісті шектейтін ең маңызды факторлардың бірі болып табылады, әсіресе бұрыш сияқты сезімтал өсімдік түрлерінде. Өсімдіктерге осы стресті жеңуге мүмкіндік беретін технологияны ойлап табу маңызды мәселе болып табылады. Бұл тәжірибеде атмосферадағы көмірқышқыл газын байытумен қатар тұзды ерітіндідегі азот көзінің өзгеруінен кейін тәтті бұрыштың (*Capsicum annuum* L.) өсуі мен көктеп шығуына әсерін зерттейді. Эксперимент үшін, тиісінше, CO_2 қоспасы бар және онсыз екі жылыжай пайдаланылды. Бір жағдайда азот көзі (NO_3^- және $NO_3^- + NH_4^+$) мен екі тұздылық деңгейдегі ($NaCl$ және 25 мкм) ерітінділер бір қоректік ортада біріктірілді. CO_2 -байытуыөсімдік биомасса өндірісіне, негізінен жеміс фракциясына және нарықтағы кірістілікті арттырды (сәйкесінше 8 және 22% және тұздылықсыз). Барлық зерттелген жағдайда аммоний бастапқыда вегетативті өсімге және жапырақтың кеңеюіне оң әсерін көрсетті. Алайда оның өнімділікке әсері тұздылық жағдайларына байланысты болды. Зиянды әсері оның тауарлық базасына сәйкес келді, себебі аммонийдің әсері жоғары тұздылықпен тікелей байланысты болды [3].

Табиғатта екі мыңнан астам бұрыш сорттары бар. Бұл өсімдік шыққан жері - Орталық Америка. XV ғасырда ол басқа елдерге: Түркия, Иран, Ресейге әкелінді. Мұнда ол тамыр жайып, өзінің қырсықты табиғатына қарамастан, алмастырылмайтын болды. Кең таралуы тек жарқын ашық түспен ғана емес, сонымен қатар көптеген дәрумендермен де байланысты. Жақсы егін жинау үшін тәтті бұрышты қалай өсіру керектігін білуге тура келеді. Елдердің көпшілігінде тәтті бұрыш тек жылыжайларда өседі. Бұл таңқаларлық, бірақ бұрыш қысқа күннің өсімдіктеріне жатады. Егер жарық күні он екі сағаттан аз болса, онда ол ертерек жеміс береді, одан тұрақты және жоғары өнім береді.

Әдебиеттер тізімі

1. 2013 жылғы 18 ақпанда ҚР Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес – 2020» бағдарламасы.

2. Жеміс-көкөніс шаруашылығы оқулық, Щепетков Н.Г., Ысқақов М.А. Астана, 2011ж. 328-330 бб.

3. Sweet pepper acclimation to variable CO₂ supply in a Mediterranean greenhouse(Conference Paper) Porras, M.E.Email Author, Medrano, E., Lorenzo, P., Sánchez-González, M.J., Baeza, E.J., Sánchez-Guerrero, M.C. ActaHorticulturae Volume 1170, 31 July 2017, Pages 805-812

Ғылыми жетекші: Е.У.Сағалбеков, а.ш.ғ.к., аға оқытушы